

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
 АЛМАТЫ АУДАНЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ЭКСПЕРТУРЛА МЕН  
 ТҮСІМ БЕРІЛГЕН  
 № 2063 БҰЙРЫҒЫ  
2014.12.02

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
 УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАТИНСКОГО РАЙОНА  
 ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ  
 В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ  
 ПРИКАЗ № 2063  
12.08 2014



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
 АЛМАТЫ АУДАНЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
 АЛМАТЫ ТУЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН  
2005 ж. 22.11 өткізілді  
 № 74151-1910 А-6 куәлігі  
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
 УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАТИНСКОГО РАЙОНА  
 ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ  
 ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА  
22.11 2005  
 Свидетельство № 74151-1910 А0  
 БСНБИН 051140000819

«Батыс транзит» АҚ  
 акционерлердің Жалпы  
 жиналысы  
 2014 жылдың 28 мамыр  
 шешімімен бекітілген  
 №24 хаттама

«БАТЫС ТРАНЗИТ»  
 АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ

ЖАРҒЫСЫ

Алматы қаласы, 2014

СМОТРИТЕ  
 НА ОБОРОТЕ

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. “Батыс транзит” акционерлік қоғамының (ары қарай - Қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, құрылу тәртібі мен оның органдарының құзыреттілігін, қайта құру және оның қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа ережелерді айқындайды.

1.2. Қоғамның толық атауы:

- мемлекеттік тілде: “Батыс транзит” акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде: акционерное общество “Батыс транзит”.

1.3. Қоғамның қысқартылған атауы:

- мемлекеттік тілде мемлекеттік тілде: “Батыс транзит” АҚ;
- орыс тілінде: АО “Батыс транзит”.

1.4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: - Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Шевченко көшесі, 162-Ж.

## **2. Қоғамның заңды мәртебесі**

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, оның дербес теңгерімі, банктік шоттары бар, ол өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденуге және жүзеге асыруға, жауапты болуға, сотта арызданушы және жауапкер болуға құқылы.

2.2. Қоғамда өз атауы көрсетілген мөрі, баспабеттері және оның қызметін жүзеге асыруға басқа деректемелері бар.

2.3. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (ары қарай – Заң), Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілерін, сонымен қатар осы Жарғыны басшылыққа алады.

2.4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарында қатысуға құқылы.

2.5. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған тәртіпте Қоғам оның орналасқан жерінен тыс орналасатын, заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы ережелер негізінде Қоғам атынан немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

### **3. Қоғам мен акционерлер жауапкершілігі**

3.1. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өзінің мүлігі шектерінде жауапты болады.

3.2. Қоғам өзінің мүлігі шектерінде өзінің акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, акционерлер Қоғам міндеттемелері бойынша жауапты болмайды және Қоғам қызметімен байланысты шығындар қаупін өзінің мүлігі шектерінде көтереді.

3.3. Қоғам мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ мемлекет оның міндеттемелері бойынша жауапты болмайды.

### **4. Қоғам қызметінің негізгі түрлері**

4.1. Негізгі қызмет түрлері болып табылады:

- 1) электр қуатын табыстау және үйлестіру қызметтерін көрсету;
- 2) электрлік желілер мен қосалқы станцияларды пайдалану;
- 3) құрылыс-құрастыру жұмыстары;
- 4) қолданыстағы заңнамамен тыйым салынбаған басқа қызмет түрлері.

Лицензиядан өтуі талап етілетін қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін Қоғам заңнамамен белгіленген тәртіпте лицензия алуға міндетті.

### **5. Қоғам Акционерлерінің құқықтары**

5.1. Қоғам Акционерлері құқылы:

- 1) Заңмен және (немесе) Қоғам Жарғысымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруда қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;

3) Жалпы акционерлер жиналысымен анықталған немесе Қоғамның осы Жарғысымен айқындалған тәртіпте Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) Қоғам тіркеушісінен немесе оның құнды қағаздарға қатысты меншік құқығын растайтын номиналды ұстаушыдан үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткер ұсынуға;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдердіне сот тәртібінде шағым түсіруге;

7) өздігінен немесе басқа акционерлермен бірге Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес немесе одан астам пайызын иеленген кезде, Заңның 63 және 74 баптарымен қарастырылған жағдайларда, Қоғамға Қоғамның лауазымды тұлғаларымен Қоғамға келтірілген шығындарды өтеу және Қоғамға Қоғамның лауазымды тұлғаларымен және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларымен олар ірі мәмілелер және (немесе) қызығушылығы бар мәмілелер жасау (жасауға ұсыныс жасау) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайда (табыс) қайтару туралы талаппен, өз атынан сот органдарына жүгінуге;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраулармен жүгінуге және Қоғамға сұрау келіп түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде негізделген жауаптар алуға;

9) Қоғамды таратқан кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Заңмен бекітілген тәртіпте Қоғамның акцияларын немесе олардың акцияларына түрлендірілетін басқа құнды қағаздарын басымдықты сатып алуға.

5.2. Ірі акционер сонымен қатар құқылы:

1) Директорлар кеңесі жалпы акционерлер жиналысын шақыруда бас тартқан жағдайда кезектен тыс жалпы акционерлер жиналысының шақырылуын талап етуге немесе оны шақыру туралы сотқа қуыныммен жүгінуге;

2) Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелердің қосылуын ұсынуға;

3) Директорлар кеңесі отырысының шақырылуын талап етуге;

4) аудиторлық ұйыммен өз есебінен Қоғам аудитінің жүргізілуін талап етуге.

5.3. Басымдықты акцияларды иеленетін акционерлер қарапайым акцияларды меншіктенетін акционерлер алдында осы Жарғының 7.3 т. көрсетілген, алдын ала белгіленген кепілдендірілген көлемде дивидендтер алуға, және Заңмен белгіленген тәртіпте Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігін алуға басымдық құқығына ие.

5.4. Осы баптың 5.1. және 5.2. тармақтарымен белгіленген Акционер құқықтарын шектеуге тыйым салынады.

5.5. Қоғам акционерлері Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Жарғымен қарастырылған басқа құқықтарды иеленуі мүмкін.

## **6. Қоғам мүлігі және капиталы**

6.1. Қоғам мүлігі келесі тармақтар есебінен құрылады:

1) акционерлермен Қоғам акцияларының төлемі ретінде табысталған мүлік;

2) оның қызметі нәтижесінде алынған табыстар;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын басқа мүлік.

6.2. Қоғамның жарғылық капиталының арттырылуы Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

## **7. Акциялар, облигациялар.**

### **Құнды қағаздарды орналастыру шарттары**

7.1. Қоғам қарапайым акцияларды немесе қарапайым және басымдықты акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжаттамасыз нысанда шығарылады.

7.2. Қарапайым акция акционерге Жалпы акционерлер жиналысында дауысқа салынатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен қатысуға қатысты құқық, Жалпы акционерлер жиналысының сәйкес шешімі негізінде Қоғамда таза табыс болған кезде дивидендтер, сонымен қатар

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте ол таратылған кезде Қоғам мүлігінің бір бөлігін алуға қатысты құқық ұсынады.

Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлеу жыл қорытындылары бойынша жүзеге асырылады.

7.3. Қоғамның басымдықты акциясы келесі құқықтар береді:

1) 500 (бес жүз) теңге көлемінде дивидендтер алуға қатысты, қарапайым акциялар ұстайтын акционерлер алдындағы басымдық құқығы;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғам таратылған кезде Қоғам мүлігінің бір бөлігіне.

Басымдықты акциялар бойынша дивидендтер төлемінің мерзімділігі – жылына бір рет.

7.4. Басымдықты акция акционерге қоғамды басқаруда қатысу құқығын ұсынады, егер:

1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы шешімі бойынша басымдықты акцияларды иеленетін акционер құқығының шектелуіне септігін тигізуі мүмкін мәселе қарастырса. Осындай мәселе бойынша шешім тек шектеу үшін орналастырылған (сатып алынғанды шегерумен) басымдықты акциялардың кем дегенде үштен екі бөлігі дауыс берген жағдайда қабылданған болып саналады.

Шешімі бойынша басымдықты акцияларды иеленетін акционер құқығының шектелуіне септігін тигізуі мүмкін мәселелерге келесі тармақтар туралы мәселелер жатқызылады:

- басымдықты акция бойынша төленетін дивидендтердің көлемін кеміту немесе көлемін есептеу тәртібін өзгерту туралы;

- басымдықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібін өзгерту туралы;

- басымдықты акцияларды Қоғамның қарапайым акцияларына айырбастау туралы;

2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде басымдықты акциялар құнын анықтау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту (егер құрылтайшылық жиналыспен бекітілмесе, әдістемені бекіту) туралы мәселені қарастырса;

3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды қайта құру немесе тарату туралы мәселені қарастырса;

4) басымдықты акция бойынша дивиденд төлем үшін бекітілген мерзім аяқталғаннан кейін үш ай ішінде толық көлемде төленбесе.

7.5. Осы баптың 7.4. тармағының 4) тармақшасымен қарастырылған жағдайда, басымдықты акцияларды иеленетін акционердің Қоғамды басқаруда қатысу құқығы оған тиесілі басымдықты акциялар бойынша дивидендті толық көлемде төлеген күннен бастап тоқтатылады.

7.6. Акцияларды шығару, орналастыру, пайдалану, сонымен қатар қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу шарттары мен тәртібі акциялар шығару проспектімен орнатылады.

7.7. Қоғам түрлендірілетін құнды қағаздар шығаруға құқылы.

7.8. Қосымша қаражат тарту үшін Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.

Облигацияларды шығару, орналастыру, пайдалану, олар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды сатудан түсетін қаражатты пайдалану шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және облигациялар шығару проспектімен анықталады.

## **8. Таза табысты үйлестіру тәртібі.**

### **Акциялар бойынша дивидендтер**

8.1. Қоғамның таза табысы (салықтарды және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Қоғам құзырында қалып, Жалпы акционерлер жиналысымен анықталған тәртіпте үйлестіріледі, соның ішінде дивидендтер төлеуге жұмсалады. Қалған бөлігі Қоғамның дамуына немесе Жалпы акционерлер жиналысының шешімімен қарастырылған басқа мақсаттарға бағытталады.

Жалпы акционерлер жиналысы қоғамның қарапайым акциялары бойынша шешім қабылдауға құқылы, бұл жағдайда ол шешім қабылдаған күннен бастап он күн ішінде шешімді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Қоғамның басымдықты акциялары бойынша дивидендтер төлемі Қоғам органының шешімін қажет етпейді.

Дивидендтерді Қоғамның басымдықты акциялары бойынша құнды қағаздармен төлеу рұқсат етілмейді.

Дивидендтер орналастырылмаған және Қоғаммен сатып алынған акциялар бойынша есептелмейді және төленбейді, сонымен қатар, егер сот немесе Жалпы акционерлер жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса.

8.2. Қоғамның қарапайым және басымдықты акциялары бойынша дивидендтер есептеуге тыйым салынады:

1) жеке капиталдың теріс көлемі кезінде немесе егер Қоғамның жеке капиталының көлемі оның акциялары бойынша дивидендтер есептегеннен кейін теріс болса;

2) егер Қоғам Банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе қауқарсыздық белгілеріне жауап берсе, немесе аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептегеннен кейін пайда болса.

## **9. Қоғам органдары**

Қоғам органдары:

- 1) жоғарғы орган - Жалпы акционерлер жиналысы;
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) алқалы атқарушы орган - Басқарма Төрағасы басқаратын Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржылық-шаруашылықтық қызметін қадағалайтын орган - Ішкі аудит қызметі.

## **10. Жалпы акционерлер жиналысы**

10.1. Жалпы акционерлер жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Қоғам жыл сайын жылдық Жалпы акционерлер жиналысын өткізуге міндетті. Басқа Жалпы акционерлер жиналысы кезектен тыс болып табылады.



10.2. Жылдық Жалпы акционерлер жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуі керек. Есептік кезеңде Қоғам аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

10.3. Жыл сайынғы Жалпы акционерлер жиналысында:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
- 2) аяқталған қаржылық жыл үшін Қоғамның таза табысын үйлестіру тәртібі және Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққандағы дивиденд көлемі анықталады;
- 3) акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларына жүгінулері және оларды қарастыру қорытындылары туралы мәселе қарастырылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Қоғам акционерлерін Директорлар кеңесі мен Қоғамның атқарушы органы мүшелерінің сыйақыларының көлемі мен құрамы туралы ақпараттандырады.

Жылдық Жалпы акционерлер жиналысы шешімдерін қабылдау Жалпы акционерлер жиналысының құзыреттілігіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарастыруға құқылы.

10.4. Жалпы акционерлер жиналысында тек өздеріне тиісілі акцияларды толықтай төлеген акционерлер ғана қатысуға және дауыс беруге құқылы. Жалпы акционерлер жиналысында қатысуға және онда дауыс беруге құқылы акционерлер тізімі Қоғам тіркеушісімен Қоғам акцияларын ұстаушылар жүйесінің мәліметтері негізінде құрастырылады. Аталған тізімді құрастыру мерзімі жалпы жиналыс өткізу туралы шешім қабылдау күнінен ерте бекітіле алмайды.

10.5. Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібі директорлар кеңесімен құрастырылады және талқылауға ұсынылатын нақты құрастырылған мәселелердің түбегейлі тізімін қамтиды. Күн тәртібінде кең мағыналы ұғымдарды, соның ішінде «әр түрлі», «басқа», және ұқсас ұғымдар қолдануға тыйым салынады. Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санындағы дауыстар көпшілігімен жүзеге асырылады.

10.6. Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібі ірі акционермен немесе директорлар кеңесімен толықтырлуы мүмкін, бұл жағдайда қоғам акционерлері жалпы жиналыс жүргізілетін күнге дейін кем дегенде он бес

күн бұрын немесе осы баптың 10.7 тармағымен белгіленген тәртіпте хабарландырылуы керек.

10.7. Егер өзгерістердің енгізілуі үшін жалпы акционерлер жиналысында қатысатын және жиынтықта қоғамның дауыс беретін акцияларының тоқсан бес пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Егер келесі енгізу шешімі үшін орналастырылған (сатып алынғандарды шегерумен) басымдықты акциялардың жалпы санының кем дегенде үштен екі бөлігі дауыс берсе, күн тәртібі басымдықты акцияларды иеленетін акционерлер құқықтарын шектеуі мүмкін мәселемен толықтырылуы мүмкін.

10.8. Жалпы акционерлер жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде, сонымен қатар қайталама (өткізілгеннің орнына) жалпы акционерлер жиналысын жүргізген кезде жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібі өзгертілуі және (немесе) толықтырылуы мүмкін емес.

Қайталама жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібі өткізілмеген жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібінен ерекшеленбеу керек.

10.9. Жалпы акционерлер жиналысы оның күн тәртібіне қосылмаған мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

10.10. Жалпы акционерлер жиналысы тек күн тәртібінің барлық мәселелерін қарастырғаннан және олар бойынша шешімдер қабылдағаннан кейін жабық болып жариялануы мүмкін.

## **11. Жалпы акционерлер жиналысының айрықша құзыреттілігі**

11.1. Жалпы акционерлер жиналысының айрықша құзыреттілігіне келесі сұрақтар жатқызылады:

- 1) Қоғам жарғысына өзгерістер және толықтырулар өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Қоғамды ерікті қайта құру немесе тарату;

3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын арттыру немесе Қоғамның орналастырылмаған қарапайым акцияларының түрін өзгерту туралы шешімдер қабылдау;

4) корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

5) Қоғамның құнды қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сонымен қатар оларды өзгерту;

6) есеп комиссияның сандық құрамы мен мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар өздерінің міндеттерін орындағаны үшін Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар мен шығындар өтемақысын төлеу шарттарын анықтау;

8) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

9) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

10) есептік қаржылық жыл үшін Қоғамның таза табысын үйлестіру тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімдер қабылдау және Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққанда дивиденд көлемін бекіту;

11) Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;

12) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

13) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес немесе одан астам пайызын құрайтын сомада, активтердің бір немесе бірнеше бөлігін табыстау (қабылдау) арқылы Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруда немесе басқа заңды тұлғалардың құрылтайшылар (қатысушылар) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

14) Қоғаммен акционерлерді Жалпы акционерлер жиналысын шақыру туралы хабарландыру нысанын айқындау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;

15) Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде акциялар құнын анықтау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту (егер құрылтайшылық жиналыспен бекітілмесе, әдістемені бекіту);

- 16) Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 17) егер Қоғам жарғысымен келесі тәртіп айқындалмаса, акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат ұсыну тәртібін айқындау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын айқындау;
- 18) "алтын акцияны" енгізу және күшін жою;
- 19) Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын Қоғамның құнды қағаздарын шығару туралы шешім қабылдау;
- 20) орналастырылған акциялардың бір түрін екінші түрлі акцияларға алмастыру туралы шешім қабылдау, осындай айырбас шарттары мен тәртібін айқындау;
- 21) Жалпы акционерлер жиналысы туралы ережелер бекіту;
- 22) директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;
- 23) дивидендті саясат туралы ережені бекіту;
- 24) Директорлар кеңесінің қызметі туралы жылдық есепті бекіту;
- 25) Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес Жалпы акционерлер жиналысының айрықша құзыреттілігінде шешілетін басқа мәселелер.

11.2. Осы баптың 11.1. тармағының 1)-5), 15),19),20) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Жалпы акционерлер жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

Егер Заңмен және (немесе) Қоғам Жарғысымен басқаша белгіленбесе, басқа мәселелер бойынша Жалпы акционерлер жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

Қоғам осы баптың 11.1. тармағының 1)- 3), 5) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдерді сырттай дауыс беру арқылы қабылдауға құқылы емес.

11.3. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Жалпы акционерлер жиналысының айрықша құзыреттілігіне жатқызылған мәселелер Директорлар кеңесінің немесе Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыреттілігіне табысталуы мүмкін.

Жалпы акционерлер жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне байланысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының күшін жоюға құқылы.

11.4. Жылдық Жалпы акционерлер жиналысы Директорлар кеңесімен шақырылады.

11.5. Кезектен тыс Жалпы акционерлер жиналысы келесілердің бастамасы бойынша шақырылады:

- 1) Директорлар кеңесі;
- 2) Ірі акционер.

Ерікті тарату үрдісінде орналасатын Қоғам акционерлерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы Қоғамның тарату комиссиясымен шақырылуы, дайындалуы және өткізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кезектен тыс Жалпы акционерлер жиналысы міндетті түрде шақырылатын жағдайлар қарастырылуы мүмкін.

## **12. Жалпы акционерлер жиналысын дайындау және өткізу тәртібі**

12.1. Жалпы акционерлер жиналысын дайындау және өткізу жүзеге асырылады:

- 1) Басқармамен;
- 2) жасалған келісім - шартқа сәйкес Қоғам тіркеушісімен;
- 3) Директорлар кеңесімен;
- 4) тарату комиссиясымен.

Заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда Жалпы акционерлер жиналысын шақыру, дайындау және өткізу бойынша шығындарды Қоғам көтереді.

12.2. Жалпы акционерлер жиналысының өткізілуі туралы хабарландыру акционерлерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы ол өткізілетін күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында - 45 (қырық бес) күнтізбелік күн бұрын жүзеге асырылады. Сонымен қатар Қоғам баспа басылымдарынан, бұқаралық ақпарат құралдарынан өзгеше акционерлерді хабарландыру жолдары арқылы жүзеге асыруға құқылы.

Жалпы акционерлер жиналысын өткізу туралы хабарлама мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жалпы акционерлік жиналыс туралы ережемен айқындалады.

12.3. Жалпы акционерлер жиналысын ашқанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционер өкілі заңнама талаптарына сәйкес ресімделген жалпы акционерлер жиналысында қатысуға және дауыс беруге қатысты оның өкілеттіктерін растайтын сенімхатты ұсыну керек.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционер өкілі) кворумды анықтау кезінде ескерілмейді және дауыс беруде қатысуға құқылы емес.

Басымдықты акциялар меншіктенушісі болып табылатын қоғам акционері негізгі тәртіпте өткізілетін жалпы акционерлер жиналысында қатысуға және онымен қарастырылатын мәселелерді талқылауда қатысуға құқылы.

Негізгі тәртіпте өткізілетін Жалпы акционерлер жиналысында, Қоғамның коммерциялық құпиясы болып табылмайтын мәселелерін талқылауда Қоғам акционерлері болып табылмайтын тұлғалар қатысып, сөз сөйлей алады. Аталған тұлғалар Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беруде қатысуға құқылы емес.

12.4. Егер жиналыс қатысушыларын тіркеу аяқталған сәтте Жалпы акционерлер жиналысында қатысуға және дауыс беруге құқылы, жиынтықта Қоғамның дауыс беретін акцияларының 50 (елу) және одан астам пайызын иеленетін акционерлер мен олардың өкілдері тіркелсе, Жалпы қатысушылар жиналысы күн тәртібінің мәселелерін қарастыруға және ол бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

12.5. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберген жағдайда, аталған бюллетеньдермен ұсынылған және қоғаммен жалпы жиналыс қатысушыларын тіркеу сәтіне дейін алынған дауыстар кворумды анықтау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде ескеріледі.

12.6. Өткізілмеген жиналыс орнына өткізілетін қайталама жалпы акционерлер жиналысы құқық қабілетті, егер:

1) кворумның жоқ болуына байланысты өткізілмеген жалпы акционерлер жиналысын шақыру тәртібі сақталса;

2) тіркеу аяқталған сәтте онда қатысу үшін жиынтықта қоғамның дауыс беретін акцияларының қырық және одан астам пайызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелсе.

Сырттай дауыс беру арқылы жалпы акционерлер жиналысын өткізу кезінде кворум болмаған жағдайда қайталама жалпы акционерлер жиналысы өткізілмейді.

Қайталама жалпы акционерлер жиналысы өткізілмеген жиналыс орны бойынша бастапқы (өткізілмеген) жиналыс өткізу жоспарланған күннен кейінгі келесі күннен ерте болмайтын мерзімде жүргізіледі.

Қайталама жалпы акционерлер жиналысын өткізуге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

12.7. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарландырылған және жиналыс ашу уақытын өзгертуге қарсы болмаған жағдайдан басқасында, Жалпы акционерлер жиналысы алдын ала хабарланған уақыттан ерте ашыла алмайды.

12.8. Жалпы акционерлер жиналысы Жалпы акционерлер жиналысының төрағасын (президиумын) және хатшысын сайлайды.

Жиналысқа қатысатын барлық акционерлер Басқарма құрамына кіретін жағдайдан басқасында, Басқарма мүшелері жалпы акционерлер жиналысында төрағалық ете алмайды.

Есеп комиссиясының функциялары жалпы акционерлер жиналысының хатшысымен жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталады. Жалпы акционерлер жиналысының шешімі бойынша есеп комиссиясының функциялары қоғам тіркеушісінің жүктелуі мүмкін. Есеп комиссиясы жалпы акционерлер жиналысында дауыс беруге арналған, толтырылған бюллетеньдердегі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

### **13. Жалпы акционерлер жиналысындағы өкілдік**

13.1. Акционер жекелей немесе өзінің өкілі арқылы Жалпы акционерлер жиналысында қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы.

Қоғам Басқармасының мүшелері жалпы акционерлер жиналысында акционерлер өкілдері ретінде қатысуға құқылы емес.

Өкілдік жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулар көрсетілетін

сенімхатта негізделетін жағдайларды қоспағанда, Қоғам жұмыскерлері Жалпы акционерлер жиналысында акционер өкілі ретінде әрекет етуге құқылы емес.

13.2. Акционер өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет етеді. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе келісім-шартқа сәйкес акционер атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделеріне өкілет етуге құқылы тұлға үшін жалпы акционерлер жиналысында қатысу және қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беру үшін сенімхат талап етілмейді.

#### **14. Жалпы акционерлер жиналысында дауыс беру**

14.1. Жалпы акционерлер жиналысында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады, келесі жағдайларды қоспағанда:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойында дауыстардың максималды санын шектеу;

2) директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезіндегі кумулятивті дауыс беру;

3) Жалпы акционерлер жиналысында дауыс беруге құқылы әр тұлғаға Жалпы акционерлер жиналысын жүргізудің процедуралық мәселелері бойынша бір дауыстан ұсыну.

14.2. Жалпы жиналыста дауыс беру ашық әдіспен және бюллетеньдер бойынша құпия дауыс беру арқылы жүргізілуі мүмкін.

14.3. Жалпы акционерлер жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Жалпы акционерлер жиналысында қатысатын Қоғам акционерлерінің негізгі дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру), немесе Жалпы акционерлер жиналысының отырысын жүргізусіз қолданылуы мүмкін.

Сырттай/аралас дауыс беруді жүргізу ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен және Қоғамның Жалпы акционерлер жиналысы туралы ережесімен бекітіледі.



14.4. Сырттай дауыс беру жүргізу кезінде дауыс беруге арналған бюллетеньдер бір нысанмен акционерлер тізіміне қосылған тұлғаларға жіберіледі (таратылады).

Қоғам Жалпы акционерлер жиналысында дауыс беру нәтижелеріне әсер ету мақсатында дауыс беруге бюллетеньдерін ішінара акционерлерге жіберуге құқылы.

Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлер тізіміне қосылған тұлғаларға, Жалпы акционерлер жиналысын өткізу күніне дейін кем дегенде қырық бес күн бұрын жіберілу керек.

14.5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде көрсетілу керек:

- 1) қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналыстың шақырылуын бастамалаушы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдерді ұсынудың ақырғы мерзімі;
- 4) Жалпы акционерлер жиналысын өткізу мерзімі немесе жалпы акционерлер жиналысын өткізусіз сырттай дауыс беру үшін дауыстарды есептеу мерзімі;
- 5) Жалпы акционерлер жиналысына арналған күн тәртібі;
- 6) егер Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібі директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелерді қамтыса, сайлауға ұсынылатын үміткерлердің аты-жөні;
- 7) дауыс беру жүргізілетін мәселелер ұғымы;
- 8) «қолдаймын», «қарсымын», «дауыс бермеймін» сөздермен ұсынылған, Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібінің әр мәселесі бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 9) күн тәртібінің әр мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі;

14.6. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер-жеке тұлға қол қою керек, сонымен онда аталған тұлғаның жеке басын куәландыратын мәліметтер көрсетіледі.

Акционер-заңды тұлғаның сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның жетекшісі қол қойып, ол заңды тұлға мөрімен куәландырылуы керек.

Бюллетень акционер-жеке тұлғаның немесе акционер-заңды тұлғаның қолысыз, сонымен қатар заңды тұлға мөрісіз жарамсыз болып саналады.

Дауыстарды есептеу кезінде акционер бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған, және ықтимал дауыс беру нұсқаларының біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар ескеріледі.

14.7. Егер негізгі тәртіпте өткізілетін Жалпы акционерлер жиналысында дауыс беру құпия әдіспен жүзеге асырылса, негізгі дауыс беруге арналған бюллетеньдер құпия әдіспен жүзеге асырылатын әр жеке мәселе бойынша құрастырылу керек. Осы жағдайда негізгі құпия дауыс беруге арналған бюллетеньде көрсетілу керек:

1) мәселе түсіндірмесі немесе жиналыстың күн тәртібіндегі оның реттік нөмірі;

2) «қолдаймын», «қарсымын», «дауыс бермеймін» сөздермен ұсынылған мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары, немесе қоғам органына әр үміткер бойынша дауыс беру нұсқалары;

3) акционерге тиесілі дауыстар саны.

14.8. Акционер қалауы бойынша, соның ішінде қоғамға Заңға сәйкес оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы талапты ұсыну мақсатында бюллетеньге қол қоюды қалаған жағдайды қоспағанда, негізгі дауыс беруге арналған бюллетеньге акционерлер қол қоймайды.

Негізгі құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды есептеген кезде дауыс беруші бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған, және ықтимал дауыс беру нұсқаларының біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар ескеріледі.

14.9. Дауыс беруде Қоғаммен жалпы жиналыс қатысушыларын тіркеу сәтінде немесе шешімдер Жалпы акционерлер жиналысын өткізусіз қабылданған кезде дауыстарды санау мерзімінде алынған бюллетеньдер қатысады.

Сырттай дауыс беру нысанында қабылданатын шешімдер Жалпы акционерлер жиналысын өткізу үшін қажетті кворум сақталған кезде жарамды болып табылады.

14.10. Дауыс беру қорытындылары бойынша Жалпы акционерлер жиналысында дауыстарды санауға өкілетті тұлға Дауыс беру қорытындылары бойынша хаттаманы толтырады және оған қол қояды.

Акционерде дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша айрықша пікір болған кезде қоғамның есептік комиссиясы хаттамаға сәйкес жазба енгізуге міндетті.

Дауыс беру қорытындылары бойынша хаттаманы толтырғаннан және оған қол қойғаннан кейін хаттаманың толтырылуына негіз болған негізгі құпия және сырттай дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньдер (соның ішінде жарамсыз ретінде танылған бюллетеньдер) хаттамамен бірге бауланып, Қоғамда сақталады.

Дауыс беру қорытындылары дауыс беру жүргізілген Жалпы акционерлер жиналысында жарияланады.

Жалпы акционерлер жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттау дауыс беру нәтижелері Жалпы акционерлер жиналысы жабылғаннан кейін он бес күнтізбелік күн ішінде оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе әр акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлерге хабарландырылады.

Акционерлерді дауыс беру қорытындылары туралы хабарландыру тәртібі қоғам жарғысымен айқындалады.

## **15. Директорлар кеңесі**

15.1. Заңмен және (немесе) осы Жарғымен Жалпы акционерлер жиналысының айрықша құзыреттілігіне жатқызылған мәселелердің шешілуін қоспағанда, Директорлар кеңесі Қоғам қызметінің жалпы басқарылуын жүзеге асырады.

15.2. Қоғамның Жалпы акционерлер жиналысының шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне олармен өздерінің атқарымдық міндеттемелерін атқару кезеңінде сыйақылар төленіп, олармен Директорлар кеңесі мүшелерімен өз міндеттемелерін орындалуымен байланысты барлық шығындар өтеледі. Осындай сыйақылар мен өтемақылар көлемі Жалпы акционерлер жиналысының шешімімен бекітіледі.

15.3. Директорлар кеңесі өз қызметтерін Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның басқа ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

15.4. Директорлар кеңесінің айрықша құзыреттілігіне келесі мәселелер жатқызылады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның стратегиялық дамуын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) жылдық және кезектен тыс Жалпы акционерлер жиналысы туралы шешім қабылдау;

3) акцияларды орналастыру (өткізу), соның ішінде жарияланған акциялар мөлшеріндегі орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастырудың (өткізудің) әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғаммен орналастырылған акцияларды немесе басқа құнды қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

6) директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелер бекіту;

7) Қоғамның облигациялары мен туынды құнды қағаздарының шарттарын айқындау, сонымен қатар олардың шығарылуы туралы шешімдер қабылдау;

8) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін айқындау, оның жетекшісі мен мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) атқарушы органның жетекшілері мен мүшелерінің лауазымдық айлықтарының көлемдері мен еңбекақы шарттарын айқындау;

10) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін айқындау, оның жетекшісі мен мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, қолданыстағы ішкі құжаттарға сәйкес, Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне айлық пен сыйақы төлеу көлемі мен шарттарын айқындау;

11) Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімдерін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар қолданыстағы ішкі құжаттарға сәйкес, Корпоративтік хатшының лауазымдық айлығының көлемін және сыйақы төлеу шарттарын айқындау;

12) қаржылық есептілік аудитін жүргізгені үшін аудиторлық ұйым қызметінің, сонымен қатар Қоғамға акциялар төлемі үшін табысталған немесе ірі мәміле мәні болып табылмайтын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметінің ақысының көлемін айқындау;

13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (атқарушы органмен Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданған құжаттарды қоспағанда), соның ішінде аукциондарды жүргізу және Қоғамның құнды қағаздарын жазу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15) Қоғаммен басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан астам пайызын сатып алу (иеліктен шығару) туралы шешім қабылдау;

16) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан астам пайызы бөлігін Қоғам иеленетін заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыреттілігіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

17) Қоғам міндеттемелерін оның жеке капиталының көлемінің он және одан астам пайызын құрайтын шамаға арттыру;

18) қызметтік, коммерциялық немесе басқа заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

19) ірі мәмілелер және Қоғам қызығушылық танытатын мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;

20) Корпоративтік басқару кодексін, оған арналған өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала қарастыру және оны Жалпы акционерлер жиналысының қарауына шығару;

21) Қоғам Басқармасымен Директорлар кеңесіне Қоғам қызметі туралы, соның ішінде қаржылық қызмет туралы ақпарат ұсыну мерзімдерін және ұсыну тәртібін бекіту;

22) жылдық бюджетті бекіту;

23) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және сандық құрамын айқындау, комитеттер өкілеттіктерінің мерзімін айқындау, комитеттердің Төрағасы мен мүшелерін сайлау;

- 24) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережені бекіту;
- 25) Жалпы акционерлер жиналысына аяқталған қаржылық жылдағы Қоғам табысын үйлестіру тәртібі және Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққандағы дивиденд көлемі туралы ұсыныстар табыстау;
- 26) Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарастыру және олар бойынша шешімдер қабылдау;
- 27) тізілімді, және тәуекелдер картасын және Қоғамда тәуекелді басқару саласындағы басқа құжаттарды бекіту;
- 28) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;
- 29) Басқарма мүшелеріне, Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне және Корпоративтік хатшыға басқа ұйымдарда жұмыс жасау мүмкіндігіне қатысты келісім ұсыну туралы шешім қабылдау;
- 30) Директорлар кеңесі туралы ережені қоспағанда, Директорлар кеңесінің қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;
- 31) Басқарма туралы ережені бекіту;
- 32) Корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту;
- 33) Ішкі аудит қызметі туралы ережені, сонымен қатар оның қызметін реттейтін басқа ішкі құжаттарды бекіту;
- 34) Қоғам Басқармасының қызметінің бақылауын жүзеге асыру;
- 35) Жалпы акционерлер жиналысының қарауына мәселелер шығару;
- 36) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті шығындардың жылдық сомасын анықтау;
- 37) Жалпы акционерлер жиналысына Қоғамның дивидендтік саясатына қатысты ұсыныстар келтіру;
- 38) Қоғамның аудитпен тексерілген аралық қаржылық есептілігін мақұлдау;
- 39) сыртқы аудиттің сапасы мен тәуелсіздігінің бақылауын жүзеге асыру;
- 40) сыртқы аудит бойынша саясатты бекіту;
- 41) Жалпы акционерлер жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйақы көлемі, анықтау тәртібі және төлеу шарттары бойынша ұсыныстар келтіру;
- 42) іскерлік этика кодексін бекіту;
- 43) Қоғамның жылдық есебін бекіту;

44) Заңмен және (немесе) осы Жарғымен қарастырылған, Жалпы акционерлер жиналысының айрықша құзыреттілігіне жатқызылмайтын басқа мәселелер.

Осы Жарғының 15.4. тармағымен бекітілмеген тізімдегі мәселелер шешу үшін Қоғам Басқармасына табысталына алмайды.

15.5. Директорлар кеңесі Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғам Басқармасының құзыреттілігіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сонымен қатар Жалпы акционерлер жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

15.6. Директорлар кеңесі міндетті:

1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде әлеуетті мүдделер қақтығысын, соның ішінде Қоғам меншігінің заңсыз пайдаланылуын және қызығушылығы бар мәмілелер жасау кезіндегі теріс пайдаланушылықты қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға;

2) қоғамдағы корпоративтік басқарудың тиімді тәжірибесін қадағалауға.

## **16. Директорлар кеңесін сайлау**

16.1. Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау тәртібі Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау акционерлермен, Директорлар кеңесіндегі бір орынға бір үміткер дауысқа түсетін жағдайларды қоспағанда, дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қолданумен кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер оған тиесілі акциялар бойынша дауыстарды толықтай бір үміткер үшін беруге немесе оларды Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше үміткер арасында үйлестіруге құқылы. Директорлар кеңесіне сайланған болып ең көп дауыстар санын жинаған үміткерлер саналады. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан астам үміткер бірдей дауыстар санын жинаса, осы үміткерлерге қатысты бірдей дауыстар санын жинаған үміткерлерді көрсетумен кумулятивті дауыс беру бюллетеньдерін акционерлерге ұсыну арқылы қосымша кумулятивті дауыс беру жүргізіледі.

16.2. Директорлар кеңесінің мүшесі жеке тұлға болуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің мүшесі қолданыстағы Заңға және (немесе) Қоғам жарғысына сәйкес басқа тұлғаларға жүктелген функциялардың орындалуын табыстауға құқылы.

16.3. Директорлар кеңесінің мүшесі келесі тұлғалар қатарынан сайланады:

- 1) акционерлер - жеке тұлғалар;
- 2) акционерлер өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалар;
- 3) Қоғам акционерлері болып табылатын және акционерлер өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған жеке тұлғалар.

16.4. Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

- жоғары немесе орташа арнайы білімі жоқ;
- өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіпте алынған соттылық;
- банкроттық, консервация, санация, мәжбүрлі тарату туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде ұсынылған тұлға басшылығында банкрот болып танылған немесе консервацияға, санацияға, мәжбүрлі таратуға тартылған заңды тұлғаның бұрын жетекші жұмыскері болған тұлға.

16.5. Басқарма мүшелері, оның жетекшісін қоспағанда, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

16.6. Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағаны қосқанда 5 (бес) Директорлар кеңесінің мүшесінен құралады, олардың әрқайсысы дауыс беру кезінде бір дауысқа ие. Қоғамның Директорлар кеңесінің кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болу керек. Директорлар келесі жағдайларда тәуелсіз болып танылады, егер ол:

- Қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылмаса және оның Директорлар кеңесіне сайлануы алдында үш жыл осындай тұлға болып табылмаса (оның Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болуын қоспағанда);

- Қоғамның аффилиирленген тұлғаларына қатысты аффилиирленген тұлға болып табылмаса;

- Қоғамның лауазымды тұлғаларына немесе қоғамның ұйымдарына-аффилиирленген тұлғаларына бағыныштықпен байланысты болмаса және



оның Директорлар кеңесіне сайлануы алдында үш жыл осы тұлғалармен бағыныштықпен байланысты болмаса;

- аудиторлық ұйым құрамында жұмыс жасайтын аудитор ретінде Қоғам аудитінде қатыспаса, және осындай аудитте оның Директорлар кеңесіне сайлануы алдында үш жыл ішінде қатыспаса;

- Қоғам органдарының отырыстарында акционер өкілдері болып табылмаса және оның Директорлар кеңесіне сайлануы алдында үш жыл осындай тұлға болып табылмаса;

- мемлекеттік қызметкер болып табылмаса.

## **17. Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі**

17.1. Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі Жалпы акционерлер жиналысымен белгіленеді.

Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі жаңа директорлар кеңесінің сайлануы өтетін Жалпы акционерлер жиналысы өту мезетінде аяқталады.

17.2. Жалпы акционерлер жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

17.3. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату оның бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттіктері Директорлар кеңесінің көрсетілген хабарламасы алынған мезеттен тоқтатылады.

17.4. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесінің сайлануы Жалпы акционерлер жиналысында келтірілген жиынтықты дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің қайта сайланған мүшесінің өкілеттіктері Жалпы Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі аяқталуымен бір уақытта аяқталады.

## **18. Директорлар кеңесінің Төрағасы**

18.1. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің арасынан жасырын дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан дауыстардың көпшілігімен сайланады.

Директорлар кеңесі кез келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы.

18.2. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесінің отырысын шақырады, оларды төрағалық етеді, отырыста берілген Жарғымен белгіленген тәртіпте хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады.

18.3. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі іске асырады.

18.4. Директорлар кеңесінің Төрағасы:

1) Директорлар кеңесіне басшылық ету үшін жауапкершілік тартады, оның тиімді қызметін өзінің жауапкершілігі аясындағы барлық аспектілер бойынша қамтамасыз етеді, акционерлермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді;

2) Қоғамның атынан Қоғам Басқармасының Төрағасымен еңбек шартын жасасады;

3) жыл сайынғы Жалпы акционерлер жиналысында Қоғам акционерлерін Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасы мүшелерінің сыйақыларының көлемі мен құрамы туралы ақпарат береді.

4) жыл сайын Жалпы акционерлер жиналысын Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметі туралы ақпарат береді;

5) акционерлермен сәйкес диалогтың қамтамасыз етілуі үшін жауапкершілік тартады;

6) Директорлар кеңесімен бекітілетін отырыстың күн тәртібін белгіленген тәртіптен қалыптастырады;

7) копоративтік хатшымен бірге Директорлардың сенімді әрі нақты ақпаратты уақытылы алуын қамтамасыз етеді;

8) жаңа сайланған Директорларға қызметке орнатылу бағдарламасының ұсынылуын қамтамасыз етеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және берілген Жарғымен қарастырылған өзге мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

## **19. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру**

19.1. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Қоғамның атқарушы органының бастамасы бойынша немесе келесілердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның ішкі аудиті қызметінің;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің.

19.2. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін құрайтын сәйкес жазбаша хабарламаны бағыттау арқылы ұсынылады.

19.3. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген талаппен Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті болатын Қоғамның атқарушы органына жүгінуге құқылы.

19.4. Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің Төрағасымен немесе Қоғамның атқарушы органымен шақыру туралы талап келіп түскен күннен 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірілмей шақырылуы тиіс.

Отырыс көрсетілген талапты ұсынған тұлғаның міндетті шақырылуымен жүргізіледі.

19.5. Директорлар кеңесінің мүшелерін директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабардар ету тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесімен анықталады.

19.6. Отырыс күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыстың өткізілу күніне дейінгі жеті күнтізбелік күннен кешіктірмей ұсынылады.

Ірі мәмілені және (немесе) жасалуында мүдделілік бар мәмілені жасасу туралы шешімді қабылдау туралы мәселені қарастырған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен шарттары, кірістірілген тұлғалардың қатысу сипаты мен үлесінің көлемі туралы мәліметті, сондай-ақ бағалаушының есебін (Заңның 69 бабының 1 тармағымен қарастырылған жағдайда) қамтуы тиіс.

19.7. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмауы туралы Қоғам Басқармасын алдын-ала ескертуге міндетті.

## **20. Директорлар кеңесінің отырысы**

20.1. Директорлар кеңесін өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің санынан кем дегенде жартысын құрайды. Кворум Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін есепке алумен анықталады, олардың жазбаша түрде (аралас дауыс беру) айқындалған дауыстары бар болған жағдайда.

20.2. Егер директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны жарғымен анықталған форумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда,

директорлар кеңесі директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек осындай кезектен тыс акционердердің жиналысын шақыру туралы шешімді қабылдауға құқылы.

20.3. Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімі отырысқа қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым дауыс көпшілігімен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болады.

20.4. Жасалуында Қоғамның мүдделілігі бар мәмілені жасасу туралы шешім оның жасалуында мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым дауыс көпшілігімен қабылданады.

Егер, тәуелсіз директорларды санамағанда, Директорлар кеңесінің барлық мүшелері осындай мәміленің жасалуында мүдделі болса, шешім тәуелсіз директорлардың қарапайым дауыс көпшілігімен қабылданады. Шешімді қабылдау үшін қажетті дауыстар санының болмауына немесе дауыстар тең болуға байланысты тәуелсіз директорлардың қарапайым дауыстар көпшілігімен шешімді қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, шешім Жалпы акционерлер жиналысымен қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан қарапайым дауыс көпшілігімен қабылданады.

20.5. Директорлар кеңесі тек Директорлар кеңесінің мүшелері қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешімді қабылдауға құқылы.

20.6. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру немесе аралас дауыс беру арқылы қабылдана алады. Егер бір немесе бірнеше Директор (Директорлар кеңесінің 2 (екі) мүшесінен артық емес) Директорлар кеңесінің отырысына өздері бола алмаған жағдайда, Директорлар кеңесі отырысының екі нысанының да үйлесуі мүмкін. Бұл ретте жоқ Директор қарастырылатын мәселелердің талқылануына байланысты техникалық құралдарын пайдаланып, қатыса алады және өз пікірін жазбаша түрде келтіруі тиіс.

20.7. Берілген Жарғының 15 бабының 15.4. тармағының 1), 5), 8), 11), 19), 22), 25), 28) тармақшаларымен қарастырылған мәселелерді қарастырған кезде, сондай-ақ инвестициялық/несиелік жобаларды қарастырған кезде Директорлар кеңесінің отырысын сырттай немесе аралас нысанда өткізуге жол берілмейді.

